

18. Разработать физкультурно-оздоровительные программы и технологии для организации каникулярного отдыха детей, подростков и молодежи с ограниченными возможностями. Принятие и исполнение данных мероприятий даст возможность комплексно и качественно осуществлять социальную, личную с ограниченными возможностями педагогическую помощь ветеранам с действующим законодательством Республики Казахстан средствами и методами адаптивной физической культуры.

Литература

Евсеев С.П., Шапкова Л.В. Адаптивная физическая культура. – М., 2000

## **МҮМКІНДІКТЕРІ ШЕКТЕУШІ, МҮГДЕК СТУДЕНТТЕРДІҢ ДЕНЕ ТӘРБИЕСІ ЖӘНЕ СПОРТпен ШҰҒЫЛДАНУЫН ҰЙЫМДАСТЫРУ ЖҰМЫСТАРЫНЫҢ ӘЛЕУМЕТТІК МАНЫЗДЫЛЫҒЫ**

**Алимханов Е.А., Сабырбек Ж.Б., Отаралы С.Ж.**

*Әл-Фараби атындағы қазақ ұлттық университеті, Алматы, Қазақстан*  
E-mail: [Element.Alimkhanov@kaznu.kz](mailto:Element.Alimkhanov@kaznu.kz)

Бүгінгі таңда біздің қоғамымызға жаңа типтегі арнайы білім өте қажетті, себебі ол халықаралық үлгіде қалыптастырылған әлеуметтік саланы қайта өзгертудің маңызды құралдарының бірі болып табылады. Халықаралық қауымдастықпен тығыз байланыс жасау, сол арқылы адамдарға пайдалы әлеуметтік тиімді бағыттарды ортақ қарастыру, өмірге енгізудің ішінде мүмкіндігі шектеулі адамдар үшін көрсетілетін қызметтер де бар.

Қазақстанның білім беру, оқыту саласындағы жағымды бір бағыты мектептер сыныптарында қазіргі кезде «Инклюзивті білім беру» деп аталатын мүгедек балаларға білім берудің жаңа түрін іске асыру жұмыстары жолға қойылуда. Қазіргі кезеңде қоғам, білім беру мекемелерінің алдына жоғары деңгейдегі және кең ауқымдағы қызмет көрсету, сондай-ақ білім алудың барлық

сатыларына барлық адамдарға соның ішінде мүгедек жандардың қолы жетерліктей жағдай туғызу міндетін қойып отыр.

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі Еуропа Кеңесімен және Университеттердің Ұлы Хартиясы Обсерваториясымен ынтымақтаса отырып, халықаралық форумның қарсаңында Қазақстанға Болон процесінің жұмысшы тобымен тығыз өзара қимыл жасайтын бірнеше ұйымдарға құруды анықтады. Қазіргі кезде еліміздің барлық жоғары оқу орындары Болон Декларациясының негізін құрайтын университеттердің Ұлы Хартиясына қол қойды.

Қазіргі таңда педагогтар алдына, денсаулық сақтау, медициналық және әлеуметтік қызмет көрсету салаларына мүгедек жандарға көмек көрсету оның ішінде дене тәрбиесі және спорт арқылы көмек беру ерекше қажетті маңызды бағыт болып отыр.

Арнайы қызмет көрсетуді қажет ететін адамдармен оқу-тәрбие, сауықтыру, денсаулықты нығайту жұмыстарын жүргізу үшін көптеген ЖОО арнайы мамандар дайындалады. Олар әдетте түзету педагогикасы және арнайы психология, дефектология мамандықтары бойынша мамандар. Соның ішінде дене тәрбиесі мен спорт саласына арналған арнайы мамандарды даярлау қажеттігі маңызды болып отыр, күн санап осы сала мамандарына сұраныс артууда.

Қазіргі жағдайда арнайы білім жүйесінің эволюциялық дамуы үшін жүйені әртүрлі деңгейде жоспарлы түрде өзгерту қажет. Инклюзивті білім беру жағдайында жеке адаммен жұмыс жасау тәсілдері мен әдістерін шартты түрде үш топқа бөлуге болады.

Бірінші топқа сыныпта қолдануға болатын тәсілдер мен әдістерді қосамыз. Оған мынандай шараларды жатқызуға болады:

- сабақ кестесін бақылау;
- сынып оқушысының орташа оқу мүмкіндігімен сәйкес сабақтың қиындығын бақылау;
- шаршағанды болдырмау және ойлау қызметін арттыру үшін сабаққа денені сергіту үзілістерін енгізу;
- көңілді, өзін-өзі психотерапевтік тәсілдер арқылы жүйке-психикалық шиеленістің алдын алу;